

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphorized terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

Е.Б. САУРЫҚОВ¹ *Қ. ТАМАБАЕВА² Р. ЕЛУБАЕВА³ Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
Тараз, Қазақстан(e-mail: e_sauykov@mail.ru¹, karakoztamabaeva1979@gmail.com², ERS40@mail.ru³)

ШЕРХАН МҰРТАЗА МЕН ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІ ДІНИ ТҰЖЫРЫМДАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ САРЫНДАР

Аңдатпа. Ғұламалық – жеке адамға берілетін тума қасиет. Ол қасиет кейін азаматтық ұстанымымен бірге, терең ізденіс пен шын шеберлікпен ұштасып, тұлғалыққа ұласады. Шәкәрім мен Шерхан да – осындай ғұлама тұлғалар. Аталған мақалада Шәкәрім мен Шерханның тұлғалық қалыптасуы мен даналық ой-көзқарастарындағы дін мәселесі сөз болады.

Шәкәрім мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын, маңызын жоймайтын бастаулардың бірі. Дана Абайдың шәкірті ретінде ғана емес, ойшылдықтың жоғары биігіне жеткен тұлға ретінде Шәкәрім шығармашылығы көптеген зерттеулерге арқау болуда. Әсіресе, ғұламаның «Үш анық» еңбегінің адам болмысы мен өмір философиясын жан-жақты суреттейтін шығарма екені белгілі. Осындай ғұлама дәстүрімен Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» кітабы да соңғы жылдар еншісіндегі үлкен әдеби табыс болып саналады. Мақалада Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайбердіұлының діни тұжырымдарындағы ортақ сарындарды талдау, берілу ерекшеліктерін айқындау, ғылыми пайымдау мақсаты көзделген. Осы мақсатқа сәйкес, екі сөз зергерінің діни-тәрбиелік ұстанымдарын талдау; қос жазушының дүниетанымдық ерекшеліктерін, өмір мен адам табиғатына қатысты азаматтық ортақ ой сарындарын түйіндеу; екі ойшылдың, ұлтын сүйген тұлғалардың ойшылдық, гуманистік, адамгершілік мұраттарындағы рухани сабақтастық мәселесін ашып көрсету міндеттері жүзеге асырылған.

Бүгінгі қоғам – күрделі сипатымен ерекшеленуде. Ғаламдық жаһандану жағдайында өткенді таразылап, рухани қуаттандыру – ең басты мәдени міндеттердің біріне саналуда. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі қоғам үшін, жалпы тәуелсіздігіміздің баянды болуы үшін ештеңеден қаймықпаған, шындықтың шырақшысы, ақиқаттың алдаспаны атанған Шерхан әлемі – бүгінгі ұрпақ үшін тәлім-тәрбие мектебі. Шерханды тану арқылы адам, кез-келген ұрпақ өзін-өзі тани алады, елі мен жеріне деген сүйіспеншілігі артады. Осы тұрғыдан алғанда, Шерханды жан-жақты тануда ұлы Шәкәрім ұлағатын жеке-дара ғылыми талдау нысанына алынуы мақаланың ғылыми жаңалығын ерекше айқындайды. Шәкәрім шығармашылығының ұлы қайнар бұлақтарынан Шерханның да нәр алғаны, сонымен қатар, білім, ғылым, дін мәселесінде, адамдық қасиеттер тұрғысында білім алып, тәлім көрген ортасына сай жазушының басқа да үлкен арналардан сусындағаны айқын талданады.

Түйін сөздер: ғұламалық, дін, рухани сабақтастық, дәстүр.

Кіріспе. Ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы, ақын, философ, жазушы, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы – ұлттық әдебиетіміздің асыл мұраларының бірі. Тәуелсіз Қазақстан халқын әлемдік мәдениетке жеткізу жолындағы

рухани бастаушы болған Абайдың тікелей тәрбиесін көрген шәкірт Шәкәрім Құдайбердіұлы өз әдеби мұрасы арқылы қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихындағы, тіпті бүкіл ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы өзіндік орны бар көрнекті ақын, тамаша жазушы, шебер аудармашы, ойшыл, философ, оған қоса дарынды сазгерлік қасиетімен де дараланған.

Шәкәрімдей ғұламаның діни тұжырымдарын, жалпы адамдық болмыс пен өмір философиясы жайындағы ой-пікірлерін оқымаған қазақ кемде-кем десек, артық айтқандық емес. Осының бір куәсі ғылыми-ізденіс бағытында жүргенде «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығындағы Шерхан Мұртазаның қойын кітапшаларын ақтарып отырғанда айқын байқалды. Парақтары сарғайған қойын кітапшаға 1991 жылдың өзінде-ақ, Шерхан Мұртаза «Шәкәрім – ұлы ақын ғана емес, ұлт тәрбиешісі» деп жазған екен.

Демек, қазақ руханиятының бәйтерегіне саналатын Шерхан Мұртазаның жазушылық өсуінде, жалпы мұрасында Шәкәрім ой-тұжырымдарының орны бөлек. Қарап отырсақ, өмірінің соңғы уақытында ойшылдық қабілетімен танылған Шерхан Мұртазаның нақыл сөздері мен әрбір журналистік жазбасында, көркемдік ұстанымдарында Шәкәрім Құдайбердіұлы ұлағаты айқын байқалады. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ұлттық құндылықтарымыздың шын жанашыры болған Шерхан Мұртазаның дін мәселесіне деген көзқарастарының да бастауы осы Шәкәрім Құдайбердіұлы толғамдары болып табылады деген тұжырымға келдік.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың ғылыми жаңашылдық талдауларын жасауда жүйелі-кешенді, тарихи-салыстырмалы, тарихи-функционалдық әдіс түрлері қолданылды. Дәстүр мен жаңашылдық мәселесі ежелден келе жатқан барлық халықтың әдебиеті мен өнеріне тән дамып жалғаса беретін мәңгілік үрдіс деуге болады. Осы себепті де, әдебиеттегі Абай дәстүрі турасында жазылған еңбектерде Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы да жан-жақты талданады. Ал, Шерхан Мұртаза шығармашылығы жайлы жазылған М. Копбаеваның «Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция» докторлық диссертациялық еңбегінде [1], Р.Жақсылықбаеваның «Шерхан Мұртаза: публицист, редактор» атты оқулығында [2], қоғам қайраткері Т. Мәмесейттің «Шерхан Мұртаза» атты ғұмырнамалық еңбегінде [3] жазушының азаматтық тұлғасы, қаламгерлік шеберлігі мен журналистік жолы сөз болады. Ал, Шерхан Мұртазаның дін туралы ой-толғамдары мен жалпы Абай, Шәкәрім секілді ойшылдар шығармашылығымен дәстүр жалғастығы бұған дейін сөз болмаған.

Осыған сүйене отырып, мақаланың зерттеу материалдары Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңдері мен Шерхан Мұртазаның нақыл сөздері болып табылады.

Екі ойшылдың діни тұжырымдарының ортақ рухани сабақтастығын ғылыми дәйектеуде аталған ғалымдардың еңбектерімен қатар, дін мәселесі туралы жазылған тарихи-әдеби материалдар, жалпы әдебиеттану ғылымының соңғы жылдардағы зерттеу еңбектері негізге алынды. Мақалада ғылыми пайымдау, талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Талқылау мен бақылау. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің алдындағы Абай дәстүрінің ізбасары болса, Шерхан Мұртаза да өз кезегінде халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, халықтық әдебиет өкілдерінің көптеген, оның ішінде Шәкәрім шығармашылығын құныға оқып, өмірлік толғамдарында рухани сабақтастыра білді.

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі - кең құлашты арна. Абай дәстүрін сан ғасыр ұрпақтары әлі де жалғастыруы сөзсіз. Уақыт өте келе Шәкәрім дәстүрі де қалыптасуда. Бұл заңдылық. Шәкәрімдей ғұламаның шығармашылығы да – уақыт тезінде терең мазмұнымен дараланып, тағылымдық маңызы артуда.

Осының айқын дәлеле ретінде өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап ұлттық әдебиет пен тәуелсіз мемлекетіміздің руханиятына өлшеусіз үлес қосқан кесек тұлға Шерхан Мұртаза шығармашылығында ұлы Абай, Шәкәрім толғамдарының жалғасып жатқандығын айтамыз. Бұл өз кезегінде дәстүрдің әдемі жалғастығының көрінісі.

Жалпы Шерхан Мұртаза шығармашылығы мен жазушы мұрағатының бір саласы хаттар болып табылады. Сондай бір хатта былай деп жазылған:

1925-1926 жылдар еді. Қыста Арқаның Абыралы мен Жалаулысына жақын Матай адырда, жазда ол кезде шалқып жататын Борлықақ көлінің маңында отыратынбыз. Мен Тарақты деген елге жаңа түскен келін едім. Жайлауға ел жиылғанда дәулеті толық, көпке қайырымды Сәт ауылы орта, кедей шаруалармен көбейіп, жүз шамалы үй болатын. Елдің малын Мағзум деген бағатын. Ол өте сергек еді. Ұйқысын аттың үстінде қандырып алатын. Сонда, жайлауда болсын, қыстауда болсын, қыз ұзату, келін түсу, шілдехана сияқты жиын-той, ойын-сауықта шырқалатын ән, айтылатын өлең-жыр, әңгіме тыңдалғанда «мұны шығарған Шәкәрім ғой», «Шәкәрімнің сөзі» деп жататын жұрт. Содан мен Абаймен қатар Шәкәрім атына қанық бола бастадым. Ел арасында Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» қиссалары жақсы тарады. Оқыған жастар мен ақсақалдар ол кісінің «Шежіресін» әңгіме қылатын.

Көп ұзамай қиыншылық жылдар (1930-1932) келді. Елдің жайы ол кезде қорқынышты. Адамдар аштан өліп, думаны тарқамаған талай ауылдардың үні өшіп, ел тоз-тоз боп қаңғып кетті. Жапанда жүрген Шәкәрімді біреу атып тастапты деген суық хабарды да естідік.

Аздан соң ел де оңалды. Бірақ, содан кейінгі жылдарда Шәкәрім шығармаларын кітап бетінен көре алмадық, тіпті аты да аталмайтындай болды. Оның себебін түсіндірмекші болған кейбіреулерге біз сенбедік.

Адамның маған бәрі бір,
Не мұсылман, не кәпір,
Тамам адам бір бауыр
Бөлінбесе өлген соң.

Мен ұлтшыл емеспін,

Жақыным мынау демеспін, – деген ақынның өз сөзіне сендік.

Ақын аты баспа бетін көрмесе де, халық арасында сыйлы қалпында қала берді, қисса-өлеңдері көптің аузында жүрді.

Мен, қарт шешелерің, Жайық Бектұровтың «Ақын мен арамза» поэмасын оқып шығып, көп ойға қалып отырмын. Шәкәрімге қысталаң жылдары жабылған жала, тағылған айып орынсыз. Мұны әлі күнге дейін ашып айтпағандарың жарамайды, балалар. Неге атын айтып, шығармаларын жарияламайсыңдар?

Менің жасым сексенге шықты. Елу жылдай – 1939 жылдан Коммунистік партия қатарындамын. Сендерге айтарым, балаларым, өткенді жасырмаңдар, отызыншы жылдары ошақтарының оты сөнген адамдарды ұмытпаңдар – не бір аяулылар көмусіз қалды ғой - жазыңдар ол туралы.

Өз халқын қаралағыш оңбағандардың мәдениетімізге тигізген кесірі көп. Қазіргі, шындыққа бет бұрған кезеңде, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабайұлы шығармалары жарыққа шығып, халыққа қайтып оралуға тиіс деп жазылған.

Бұл Шерхан Мұртазаға қарт зейнеткер Хабиба Әзбекованың жазған хаты екен [4, 107]. Осылай, Шерхан Мұртазаның Шәкәрім шығармашылығымен кеңінен сусындағанын, діни-дүниетанымдық көзқарастарының үйлесіп жатқандығын байқадық. Жоғарыда айтылғандай, Шерхан Мұртаза Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығына аса жоғары бағасын берген екен.

Кез-келген ұлы суреткер немесе сөз зергері секілді Шәкәрім мен Шерхан да халық ауыз әдебиетінің үлгілерінен нәр алды, рухани сусындады. Оған жазушының «Ай мен Айша» романындағы Айшаның айтқан әңгімелері дәлел. Қолы босап немесе ауыр тірліктен қажығанына қарамай, перзенттерін бауырына тартып, жазықсыз ұсталған Мұртазасын есіне алатын Айша ана көз жасып көрсетпеуге тырысып, ертегілер мен тарихи жырларды, аңыз әңгімелерді айтатын болған. Қаршадайынан осындай бай әдебиет үлгілерімен сусындаған Шерхан Мұртазаның кейінгі жазушылық жолына да үлкен әсерін тигізді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, асыл мұра ретінде жетіп отырған мәдениеттің бұл саласы әрбір ақын-жазушы секілді Шерхан Мұртазаның да халық жазушысы, дарынды драматург, ойшы, қоғам қайраткері, ұлт жанашыры болуына көп ықпалын тигізеді. Халқының мол мұрасы

мен бай ауыз әдебиеті Шерхан Мұртазаға анасының ақ сүтімен, мейірім-шапағатымен дарыған. Академик С.Қасқабасов ұлы Абайға айтқан: «Абайдың ұлы ақын болуы алдымен оның туа біткен дарынына байланысты болса, содан соң өскен ортасына, бала кезден алған тәрбиесі мен оқып-тоқығанына байланысты. Бұл ретте, ол көпті көрген дана әжесі Зере мен ақындық, өнерпаздық дарыған шешесі Ұлжанның кестелі сөздерін құлағына құйып, шаршы топта жаңылмай сөйлейтін әкесі Құнанбай мен басқа да ру басылардың билік сөздеріне ден қойып өсті. Соның нәтижесінде Абай он жасынан бастап өлең шығарды, әзіл-оспаққа, қолма-қол өлең шығаруға төселді» [5, 8], – деген пікірін Шерхан Мұртазаға қатысты айтуға болады.

Шәкәрім мен Шерхан Мұртазаның рухани сусындаған келесі саласы – ұлы Абай шығармашылығы деп санаймыз. Шерхан Мұртаза да жазушылық жолында ұлы Абай шығармашылығына терең басын иіп, аса жоғары бағалаған.

«Ақындар мен әкімдер» атты зерттеу кітабына енген «Абай сәулесі» атты мақаласында кітап жиған қазақтың жиһазы Абайсыз болмас, Абайы болмаса ол қазақ емес, жалпы ондайды саналы адам деу қиын. Төрінде Абайдың кітабы тұрған үйдің сәулесі де молырақ. Абай кітабынан ерекше сәуле шашырап тұрады» - деп санайтын Ш.Мұртаза Абайдың әкесі қазақ, анасы - өзіміздің кең дала деп түсініп, «Абай – қазақтың бар жерінде туып, бар жерінің туын ұстап тұрған кемеңгер. Абай бүгін бұрынғыдан да керегірек сияқты. Ол – қазағына ертең де, бүрсүгүні де керек. Ауадай, айдай, күндей, жұлдыздай, өзендей, көлдей керек Абай [6, 14], - деп түйеді. Бұдан жазушының ұлы ақынның толық адам ілімі мен шығармашылыққа қоятын талаптарын барынша ұғынғандығын байқаймыз.

Шерхан Мұртаза өзінің шығармашылық жолында рухани сусындаған негізгі арна ретінде Абай мұрасын бағалайды. Олай болса, Ш.Мұртаза – өзі өнеге тұтып, қаламгерлік жолында үйрену мектебі деп санаған ұлы Абайдың рухани тәлімін дамытушы, бүгінгі ұрпаққа жеткізуші. Ал, Абай шәкірті, әрі туыс інісі Шәкәрім ғұламалығына да тікелей әсер еткен осы ұлы Абай мұрасы екендігі ақиқат. Ендігі кезекте Шәкәрім Құдайбердіұлы бір ғасыр өткен соң Шерхандай кесек тұлға қалыптасуына мол әсерін тигізген.

Ұлы Абайдың қара сөздерінен кейін терең философиялық мазмұндағы еңбекті білгір сөз зергері, шоқтығы биік тұлға Шәкәрім жазды. Поэзиялық шығармаларымен көркемдіктің биік шыңына көтерілген ұлы Шәкәрімнің «Үш анық еңбегі» - ұлы Абай ілімінің жалғастырушы, насихатшысы.

Ал, «Үш анық» секілді ғақлияға толы, адам философиясын терең талдаған осындай сүбелі еңбектер қатарында Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүниесін» ерекше атаймыз. Қазақтың санасын, жанын оятуға бағытталған бұл шығарма араға ғасыр салып, қазақ философиясының жаңаша әдеби үлгісін жаңартты десе де болғандай.

Шәкәрім мен Шерхан Мұртазаның рухани үйлесімділігін қарастыруға осы екі еңбек негіз болып отыр.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – өз бетімен білім алып өскен адам. Әрине, жетекшісі Абай болған. Дүниеге көзқарасы да Абай ықпалымен қалыптасқан. Сол себепті де, ұлы Абайдың сусындаған ауыз әдебиетімен Шәкәрім де рухани қуат алған.

Ал, Шерхан Мұртаза болса, ертегілер мен аңыздарды, өлеңдер мен жырларды, батырлар, ғашықтар жырын, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарды бала кезден естіп, бойына сіңіріп өсті. Өзіне дейінгі көптеген ақын-жыршылардың, би-шешендердің сөздерін естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Оны жазушының «Ай мен Айша» романын оқи отырып, толық көз жеткіземіз.

Шәкәрім Құдайбердіұлы да шығыс шайырларының, түркі тілдес халықтарға ортақ жауһар шығармалармен терең сусындаған, шығармашылықпен бірге аудармамен терең шұғылданған, яғни, әлем және шығыс ойшылдарының еңбектерімен кеңінен таныса отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлы оларды ана тілінде сөйлетті.

Бұл орайда, Шерхан Мұртаза да қалыс қалған жоқ. Сөз өнеріндегі алғашқы қадамы аудармамен басталды десек те болғандай. Белгілі классик Э. Хемингуэй адамның балалық шағының бақытсыз болуы және ол көп көрген қиыншылық қаламгер болып қалыптасуға

игі ықпал етіп, қосымша тақырып, тың идея береді дегенді айтады. Э. Хемингуэйдің бұл пікіріне қосылатындар да, қарсы шығатындар да бар.

Дегенмен де, Шерхан Мұртазаның балалық шағы жетімдікте өтті. Жастай жесір қалған Айша анасына қорған бола жүріп, тағдырдың қандай да болмасын қиындығына мойымады.

Мектеп бітіргеннен кейін өз талабына сенген Шерхан Мұртаза Мәскеуге оқуға аттанады. Оқи жүріп, аздаған шәкіртақымен және Мосфильмнің түсірілімдеріне көрермен ретінде қатысып тапқан қаражатымен күн көреді. Жас Шерхан Мұртаза алғаш рет аудармашы ретінде жұмыс істеп көруді шешеді. Осылайша 50-жылдардың бірінші жартысында қазақстандық оқырмандар Шерхан Мұртазаның арқасында Лагиннің «Хоттабыч қартын» және башқұрт классигі Мұстай Кәрімді таныды. Ол сондай-ақ Венгрияның халық ертегілерін, Ганс Христиан Андерсен мен Шыңғыс Айтматовтың туындыларын да қазақ тіліне аударған.

Әрбір ұлттың генофондының негізі – танымал тұлғалардан тұрады. Ұлттың ақыл-ойын, парасатын құрайтындар да осы топ, яғни тұғырлы тұлғалар. Олар – заманның желімен ықпайтын, шындықтан қашып бұқпайтын, сабыры үгілмейтін, ұсаққа үңілмейтін, көкірегі сыр-сандығын пендешіліктен таза ұстайтын, өнерді өрістетіп, ғылымды өрге сүйрейтін ерекше талант иелері. Тұлғалар – өмір-өзен қалай тулап жатса да, уақыт қандай өзгеріске түссе де арнасынан аумайды, тарихтың тамырын дәл басады. Ел басына күн туып, бағытын таппай жаңылғанда ең алдымен тұлғаларын іздеп табатыны, үлкен үміт артатыны да сондықтан болса керек.

Өз кезінде хакім Абайдың: «Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың» [7, 49], – деп мұңға батуы тегіннен-тегін емес. Аумалы-төкпелі аласапыран замандарда асыл мен жасықты айыра алмай небір алыптардан көз жазып қалғанымыз да шындық. Осы орайда, Кеңестік кезеңде орын алған тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, жазықсыз жапа шеккен қазақ әдебиеті мен мәдениеті қайраткерлерінің ұлт мұраты жолында зор тәуекелге барған ерлік істері мен тұлғалық қасиеттерінен бастау алып, тәрбиелену, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету – ең сауапты да, жауапты міндет еді.

Ұлы Абайдың реалистік дәстүрін жалғастырушы ұлы ойшыл ақын Шәкәрім шығармашылығы өзінің кең тыныстылығымен, шыншыл да сыншыл әуенімен ерекшеленді. Оның әдеби мұрасы сан алуан: философия, этнография, әдет-ғұрып және дін тақырыбы.

Шәкәрім мұрасы бай. Соның ішінде ойшыл Шәкәрімнің діни тұжырымдарының тәрбиелік қуаты терең және қазіргі күрделі діни ахуалды түсіндіріп, жастардың адаспауына дұрыс жөн сілтеуге мүмкіндік береді.

Алаштың абзалы Шәкәрім Құдайбердіұлы атамыз өзінің тағылым тұнған туындыларында Алланың ақ жолын барынша насихаттап, ұлтымыздың әділет ұранына айналдырды. Ол өзінің бай мұраларында қасиетті Құранды және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадистерін баяндай отырып, ұрпақты қазақтың ата танымынан, тарих тамырынан ажырамауға үндейді.

Шәкәрімнің дүниетанымының негізгі ерекшелігі – дін және руханилық мәселесін қарастыру мен өзіндік рухани-құндылықтық категориялардың жүйесін ұсыну болды. Ойшылдың рухани ізденістері бүгінгі күннің талаптары тұрғысынан қарасаң да құндылығы мол рухани мұра. Ол адамдар бойындағы имандылық, діни-рухани тазалық мәселелерін қарастыра отырып, бірқатар ұсыныстары мен тұжырымдарын ұсынған. Рухани ұстазы Абай және замандастары сияқты Шәкәрім шығармаларында толығымен адам мен қоғамдық дамудың жолын іздестіріп, ол діннің ақ жолын қоғамдық дамудың рухани негізі ретінде ұсынып, әрбір адамның өмірлік құндылықтық бағдарын айқындауда имандылық пен білімге сүйену, адалдық, адамгершілік заңдарын басшылыққа алу керектігін тұжырымдаған шығармаларының берері мол, рухани туындылар.

Бүгінгі қоғам – өте күрделі сипатқа ие. Әсіресе, дін күрделі ахуалды сипаттайды. Жастарымыз көптеген білімсіздік пен жете түсініспеушілік салдарынан қатерлерге ұрынуда. Діни ағымдар мен сектелер көбейіп, жастарымызды арандатуда. Осы тұрғыдан алғанда, Шәкәрімнің:

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,
Ешбірі түзу емес көңіл ашар.
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.
Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.
Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспаңдық қару жасар.
Інжіл, Құран – бәрі айтып тұрса-дағы,
Мағынасынан адасып қара басар.
Сүйтіп бұзып, бүлдіріп есіл дінді,
Дін десе білімділер тұра қашар.
Ешбір дін үйтіп дұспан бол демейді,
Қанеки, бұл сөзіме кім таласар? [8, 115], – деген өлең жолдарының айтары мол.

Тереңірек талдайтын болсақ, Шәкәрімнің дінді хақ деп, ал оны бұрмалап, тіпті адамзаттың жауына айналдыратын оның мәнін жете түсінбеген діншілдер деп тұжырымдағанын аңғарамыз.

Шындығында, Шәкәрім өзінің әрбір поэзиялық туындысын әуелі Жаратқанға сыйынумен бастайды. Осы секілді Шерхан Мұртазаның да дін жайындағы көзқарастары, жалпы тіршілік пен өмір философиясы жайындағы толғамдары ғұлама Шәкәріммен үндесіп жатыр.

Ақынның діншілдігі мен бір жаратушыға деген сенімі оның ойшылдығымен ұласады. «Ол ешбір дін қиянат жаса, дұшпан бол демейді деп отыр. Ендеше, кінә дінде емес, сол дінді ұстанушылардың оның түп мағынасын түсінбей, дінді қолшоқпарға айналдыруында. Сөйтіп есіл дін бұзылады дейді. Яғни кемшілік дінде емес, діншілдерде болып отыр.

Құран сырын түсінбей бұрса дағы,
Жасырылмай жарқырап тұр керемет.

Жаман тәпсір жайылып жер бетіне,
Дін десе тұра қашты есті азамат» [9], – дейді. Білімділердің, есті азаматтардың діннен тұра қашуының негізгі себебі жаман тәпсірде деп отыр. Дін мен діншілер туралы Шәкәрімнің пікірі осындай.

Исламтанушы Нұралы Өсерұлы өзінің кітабында: «ислам деген сөздің мағынасы не десек, Аллаға тағаланың өміріне мойын ұсынып, рұқсат еткен іс-әрекеттерін істеу, тыйым салғандарынан аулақ болу, иман келтіру болып табылады. Ал иман дегеніміз не десек, онда өз ықтиярымен Алланың бірлігіне, періштелеріне, пайғамбарларына, кітаптарына, жәннат пен тозағына, сирату көпіріне, істеген іс-әрекет жайлы есеп-қисап алатын таразыға, қабір азабына, қиямет күніне, өліп-тірілуге, жақсылық пен жамандық және тағдыр бір Алладан екеніне сену деп жауап береміз» [10, 19] – дейді.

Шәкәрім - өз ұлтын бар болмысымен сүйген ұлтжанды, өршіл ойшыл. Ол елінің болашағын, халықтың иманын ойлап, тұңғыық терең рухани мұра қалдырған. Осы кезекте Шәкәрімнің ой-толғамдары өзек болған Шерхан Мұртазаның тұжырымдарын талдап көрелік.

«Өлгеннен соң тәннен жан бөлінеді дейді. Құдай құптаса – жаннатқа барады, құптамаса – тамұққа, тозаққа түседі дейді. О жақтан қайтып келіп, әңгімесін айтып, хабар берген ешкім жоқ. Бірақ, Адал мен Арамның ара жігі, әйтеуір, бір ажыратылуы, содан соң әркім тиесілі үлесін алуы керек қой. Егер ондай таразысы болмаса, дүниеде не мән, не мағына...» [3, 248].

Шерхан Мұртазаның пайымдауынша, «Сен патшасың ба, пақырсың ба, байсың ба, кедейсің бе – Қара жердің қойнына кірген соң бірдейсің».

Жастайынан әділетсіздікті көріп өскен Шерхан Мұртаза бес уақыт намазын оқымаса да, бір жаратқанның құдіретіне сенді, жалпы діннің ел дамуындағы үлесін аса жоғары бағалады. Шерхан Мұртазаның дін турасындағы ой-толғамдарының қалыптасуына айналасындағы қарт кісілердің айтқандары, Қамқа кемпірдің әулиешілдігі себеп болғаны бірден байқалады.

«Әлемнің өзін Құдірет шебер жаратқан. Шебер жаратқаны сонша – бәрі тәртіпті. Күн де, Ай да, жер де өз жолымен, тек қана өз жолымен жүреді. Қатып, сіресіп қалған ешқайсысы жоқ, бәрі қимылдайды. Егер әлдеқалай біреуі жолдан шығып кетсе, ақырзаман сонда болмақ» [3, 245].

Шерхан Мұртазаның әкесі де дінді ұстанған. Сол уақыттың қиындығы мен қатеріне қарамай, намазын оқып, құлшылығын жасаған. Бұның ақиқатын Шерхан Мұртазаның мына бір тәмсілінен аңғарамыз: «Әкеміз Мұртаза марқұмның қызғылтым шырайлы, әдемі гүлдері жайнаған жап-жаңа жайнамазы бар еді.

Алдымен мешіт бұзылды. Оның үйінді болып қалған кірпіштерінің үстінде байғыз дейтін құс сұңқылдап, зарлап отыратынды шығарды.

Көп ұзамай Мұртаза «халық жауы» ретінде ұсталды. Бұл 1937 жылдың, сірә желтоқсан айы еді.

НКВД үйге тінту жасады. Мен ол кезде 5 жасар баламын. Бәрі есімде. Тінткенде бәлендей байлық табылған жоқ. Тек бір милиционер төрде ілулі тұрған жайнамазды жазып көрді де: «Е, мынау шұлғау болуға жақсы екен. Аяғым тоңып жүр еді», – деп Алланың аты жазылған жайнамазды бүктеп-бүктеп, қойнына тыға салды...

Арада алпыс жыл өткенде жолым түсіп, Кереку қаласына барып, мешітіне кіріп, дұға оқығанда, Тәңірі жарылқағыр бас имам маған Қағбадағы мешіттің суреті салынған сұлу жайнамазды сыйлады. Сонда баяғы милиционерге шұлғау болып, қорланған жайнамаз ғайыптан құс болып келіп, қолыма қонғандай ғажайып хал кештім. Мұны марқұм Мұртазаның әруағы сезді ме... білмеймін. Бір кем дүние [11, 96].

Кезінде қаншама жауапты қызметтер атқарса да, ұлтына деген сүйіспеншілігі мен адамдық қалпынан айнымаған, ақиқаттың алдаспаны, шындықтың шырақшысы деген теңеулерге ие болған Шерхан Мұртазаның «Ақиқат бір шындық бар: ол ерте ме, кеш пе – әйтеуір бір келетін өлім. Қандай жағдайда, қай сағатта келетіні болжаусыз. Қай жердің топырағы бұйырыр, жалпы, топырақ бұйыра, ма, көмусіз қаласың ба – белгісіз. Көмусіз қалсаң, қарға-құзғынға жем боласың. Ал енді сені терең қазып, тепкілеп көмген күнде де – жем болудан құтылмайсың, құрт-құмырасқа жейді», деген ой-тұжырымы, бұл дүниенің алдамшы екендігін, бәрі де бір Жаратқанның құзырында екендігін тиянақты ұғындырып тұр.

Қарап отырсақ, Шерхан Мұртаза толғамдарының барлығы да қазақтың кәдімгі шариятында бар, қарапайым тілмен түсіндірілген тәмсілдер. Өзінің «Бір кем дүние» кітабында да жазушы халық ретінде көбеюіміз қажеттігін, абортқа тыйым салатын заң керектігін айта келіп: Дәл қазір бейбітшілік, біршама түзік заманда, дана халық болсаң көбеюге тырыс.

Кім біледі, алдымызда әлдеқандай заман бар?

Аладан рахым тіле!

Әйтсе де жасаған ием жақсыларға иман мен данышпандық қасиет берсін.

Бір кем дүние.

Яғни, Шерхан Мұртазаның тұжырымында дін – ұлттың асыл қасиеті, дініне берік халықты ешқандай жау ала алмайды. Бірақ, жазушының қорқынышы басым. Оның басты себебі - қоғамымызға келіп жатқан түрлі діни ағымдар.

Шәкәрім секілді Шерхан Мұртазаның да басты діни тұжырымы: «Құдайға сыйынған құстай ұшады,

Адамға сыйынған мұрттай ұшады» болған.

«Өмір философиясы» деп бағаланған «Бір кем дүние» кітабында:

«Темірді тат шірітеді. Тат темірдің өзінен шығады.

Адамды аздыратын жаманшылықтар да адамның өзінен шығады. Ол да тат. Оны сабындап жуып кетіре алмайсың.

Адам жанын тат басса, оны тек кітап кетіре алады. Әрине, асыл кітап, адал кітап.

Ең бірінші – Құран!

Екінші – хадистер!

Ұлы классиктер.

Қазақтың ұлы ақын-жазушылары» [11, 45], – дейді.

Шәкәрім айтып өткендей, Құдай - бар, ұждан - дұрыс, қиямет - шын деуде. Осы Құдай бар деп оған мойынұсынуды Алла Тағалаға иман келтіру дейді. Енді осы иман турасындағы Шәкәрім атамыздың ой-толғамдарына назар аударсақ, иманның мағынасы туралы: «Иман деген Алла Тағаланың барлығына, бірлігіне, басқа Алла жоқтығына, Құран сөзінің бәрі шындығына анық ақылмен нанбақ» - дейді. Иман турасында Шәкәрім өте көп ой-толғамдар қалдырған. Иманның адамдағы шынайы көрінісін Шәкәрім қиянатсыздық арқылы өлшейді. Оның ойынша, қиянатты болу имансыздықты білдіреді. «Қиянатың бар болса, иманың жоқ. Маған десе, мың жылдай қыл ғибадат» [12, 67] – дейді.

Шерхан Мұртаза болса:

Біреулерге Құдай бәрін береді.

Байлық та бар, алтын, гауһар, інжу-маржан – бәрі бар. Төрт құбыласы сай.

Бірақ Иман жоқ.

Ең сорлы адам сол.

Бір кем дүние [11, 13].

Екі тұлғаның да діни тұжырымдарының негізі бойынша діннің негізгі мақсаты -қиянатсыз болуға шақыру. Ақын көп діндер туралы: «Дін» атты өлеңінде:

Жер жүзінде қарасам,

Неше түрлі халық бар,

Дін, иманын санасам,

Мыңнан артық анық бар.

Бұл қалай деп ойласам,

Мұның да бір сыры бар,

Терең ойға бойласам,

Дәл мынадай түрі бар:

Жардың шашы сансыз көп

Ол санауға келмей тұр.

Анық нұры осы деп,

Әркім бір тал ұстап жүр.

Жаратқанның киесін [8, 163], – деп адамзат баласының әртүрлі дінге табынып жүргендігін айта келе, адаспауға шақырады.

«Алла өзіне сеніп құлшылық еткен пендесіне адамилық қасиеттерін жоғары, таза ұстауы үшін екі қасиет берген – ақыл және жүрек. Ұлы тұлғалардың басқа адамдардан айырмашылығы да осы екі қасиеттің айналасында. Ерекше сезімтал жүрек пен өлшеусіз мол ақылда. Адам өзі істеген ісін, жазған сөзін жүрегіне сыната білсе-ақ, таза жүректің тылсым пернесін аша алады. Ақыл елегінен өткен ұйғарымды жүрек арқылы өткізіп отыру қажет» [13, 30].

Нәтижелер. Алаштың абызы Шәкірім атамыз исламның Хақ жолын өз еңбектерінде терең зерделеп өткен. Ақынның ислам дініне, жаратушы Аллаға сенімі, оның ойшылдығымен жалғасып, дүниеге көзқарасындағы бірлік, біртұтастықты танытады. Шәкәрім дүниедегі «сансыз кереметті кім жаратса - тәуірі сол» - дейді. Тәңіріні іздеу, жаратқан Аллаға сену - ақиқатты іздеу, сол арқылы «ең түпкі жаратушы - мінсіз ие» - деп түйіндеуінен айқын аңғара аламыз. Адам Атадан бастап жер бетіне келіп-кеткен барлық пайғамбарлар Ұлы Жаратушының барлығы мен ақыреттің еш күмәнсіз хақ екендігін жар салса, жүрегі нұрланған күллі ғалымдар мен ұлы ойшылдар бұл сенімге бекем иланып, мына жалған уақытша өмірлерінің ағысын сол бір мәңгі өмірге қарай реттеп, бағыт түзеп ғұмыр кешкен.

Шерхан Мұртазаның да діни тұжырымы «Мәңгілік ешнәрсе жоқ. Мәңгі тек Құдай ғана» деп келеді де, адамзатты адаспауға шақырады. Өзінің қайраткерлік жолында да тіл мен діннің шын жанашыры бола білген Шерхан Мұртазаның діни ой-тұжырымдары Шәкәріммен үндесіп қана қоймай, насихаттап тұрғандай.

Шәкәрімнің «Үш анығы» – ынсап, әділет, мейірім Шерхан Мұртазаның адамшылық ұлағатында терең мазмұндалып беріледі. «Дүниенің дүние болып дөңгеленіп тұруы – қанағатта, Бірақ көп адамдар қанағатты білмейді», «Адам шіркін мейірімге зәру. Дүниедегі небір қатыгездік, қаныпезер тас жүрек мейірімсіздік сол ана сүтімен қоса мейірлі шуақ, жылы сезім жетіспегенінен шығатын шығар» [3, 252], – деген ойларында Шәкәрім тұжырымдары жалғасып жатыр. Екі ойшы да өз мұралары арқылы адам баласына дін жайын, бұл өмірдің жалғандығын, қандай жағдайда болмасын, қанағат пен ар-ұжданын биік қоюын өсиет еткен.

XXI ғасырда еліміз халықаралық аренада ұлттық стратегиялық даму жолын бекемдеп, өзге де дамушы мемлекеттермен өзара ынтымақтастығы мен бірлігінің нәтижесінде жаңа сатыға көтерілуде. Саяси-экономикалық даму қарқынды жүзеге асырылған қоғамда ұлттық код, жаңғыру мәселесіне қатаң мән берілу қажет. Әсіресе, дін, ұлттық діл жайына немкетті қарауға болмайды. Осы ретте, аталған сөз зергерлері шығармашылығында діни тұжырымдардың айтары терең екендігі даусыз. Екі ойшы да бір Жаратушыға сеніп, тура жоолды нұсқады, адамның тұлға болып қалыптасуында дін мен рухани құндылықтарымыздың маңыздылығын атады. «Демек, бұдан ұғатынымыз ақындар иман ішіндегі сөздер – иманның шарттары, яғни ең алдымен Алланың бар екендігіне, және жалғыз Жаратушы екендігіне, жара-тылыста Алла жаратқан періштелердің бар екендігіне, Адам атадан бастап адамзат арасынан таңдалған пайғамбарлар және соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) екендігі-не, сол пайғамбарларға Алла тағала тарапынан түсірілген кітаптардың ақиқат-рас екендігіне, ақырет күнінің болатынына, тағдырға және жақсылық пен жамандық тек Алланың қалауымен болатынына, сондай-ақ өлім мен қайта тірілудің ақиқат екендігіне міндетті түрде илануы шарт. Сонда ғана, адам өзін «мұсылман» деп есептесін деген идеяны ұсынған [14, 141].

Қорытынды. Ғасырлар тоғысында әлеуметтанушы америкалық ғалымдар Дж. Нейсбит пен П.Абурдин 2000 жылы XXI ғасырдың алғашқы жылдарындағы әлемдегі ең басты, ықпалды, жаһандық сипаттағы он бағыттың (мегатенденциялар) ішінде тілдік патриотизм мен діни қайта жаңару үрдістерін атаған [15]. Бұл үлкен мәселе.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастарында бір өзгерістер орын алып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Мемлекет халықсыз болмайды, халықсыз билік болмайды, ал дінсіз халық болмайды. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескерелік.

Осы орайда, Шәкәрім мен Шерхан Мұртазаның діни тұжырымдарын талдай отырып, жастарға дінді толық түсінуге бағдар беру, түрлі адасулардан сақтандыру міндеті көзделді. Әсіресе, Шәкәрім поэзиясында дінді жан-жақты суреттеп, адамның тәрбиелік арнасы ретінде бейнелеуі, ал Шерхан Мұртазаның жастайынан жүрегінде орныққан дін турасындағы толғамдары бүгінгідей күрделі ахуалдың алдын алуға септігін тигізетіні даусыз.

Екі тұлғаның діни көзқарастарына өзек болған, жалпы шығармашылықтары нәр алған қайнар бұлақтарына сипаттама берілді. Олар: туған халқының әдебиеті, Абай тағылымы, Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті, Шығыс әдебиетінің жауһарлары мен еңбектері, Түркі халықтары әдебиеті, Орыс әдебиеті мен Батыс мәдениетінің үлгілері.

«Abai's literary contributions, including his poetry and philosophical writings, significantly shaped Kazakh literature. His work is notable for its exploration of modernization and enlightenment themes, challenging traditional Kazakh norms» [16, 69]. Шынында да,

Абайдың әдеби үлестері, оның ішінде поэзиясы мен философиялық еңбектері қазақ әдебиетін қалыптастырды. Қазақ әдебиетіндегі ұлы дәстүр – Абай дәстүрінен кейін ұлттық әдебиетімізде Шәкәрім дәстүрі де қалыптасқан. Ал, оған ғұламаның ұлы Абайдың ізбасары, насихаттаушысы болғандығы себеп болған.

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ ақын-жазушылары секілді Шерхан Мұртаза шығармашылығы да Абай атты ұлы арнадан бастау алады. Халықтың болашағы Абай нұсқаған сара жолда деп білген, соның ізімен жүруді мұрат еткен Шерхан Мұртазаның өз көзқарастарында Шәкәрімдей ғұламамен де рухани үндесіп жатқандығы дәлелденді.

Осы мәселелерге зер сала отырып, Шәкәрім мен Шерхан Мұртаза шығармашылығының нәр алған арналарына біз мынадай қайнар бұлақтарын атар едік. Олар: туған халқының рухани қазыналар көзі, Абай тағлымы, шығыс әдебиетінің жауһарлары мен ғұламалық еңбектері, түркі халықтары әдебиеті, орыс әдебиеті мен батыс мәдениетінің үлгілері.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім мен Шерханның діни ой-толғамдарының рухани ұқсастығы олардың эстетикалық танымдарының жалғастығында. Шәкәрім поэзиясы мен философиялық еңбектеріндегі діни тұжырымдар Шерхан Мұртазаның нақыл сөздері мен шағын тәмсілдерінде, жалпы қайраткерлік ұстанымдарында жарқырай түсті.

Әдебиеттер

1. Көпбаева М. Шерхан Мұртаза шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепция: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы, 2010. – 46 б.
2. Жақсылықбаева Р.С. Шерхан Мұртаза: публицист, редактор. – Алматы: Жазушы, 2003. – 154 б.
3. Мәмәсейт Т. Шерхан Мұртаза. – Астана: Елорда, 2002. – 280 б.
4. Мұртаза Ш. Ауылды, сені сағындым. 2-кітап. – Алматы: Darman Media, 2002. – 304 б.
5. Қасқабасов С. Абай және фольклор. – Алматы: Білім, 1995. – 64 б.
6. Мұртаза Ш. Ақындар мен әкімдер. Астана: Елорда, 2002. – 808 б.
7. Құнанбаев А. Қалың елім қазағым. Өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 223 б.
8. Шәкәрім Қазақ айнасы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 296 б.
9. Құдайбердіұлы Ш. Құран сырын ұға алмай бұзса-дағы, Жасырылмай жарқырап тұр кәрәмәт! // URL: <https://islam.kz/kk/articles/sozsarasy>
10. Өсерұлы Н. Мұсылмандық қағидалары. – Алматы: Өнер, 1994. – 125 б.
11. Мұртаза Ш. Бір кем дүние. – Тараз: ТИГУ, 2019. – 288 б.
12. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. Монография. – Алматы: Паритет, 2008. – 408 б.
13. Тұрсынбаева А.Ө., Малдыбек А.Ж. Абай рухани мұрасының мәңгілігі // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. No3 (73). 2020. – Б. 22-32. DOI: <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz>
14. Таджиев, Х., Қыдыр, Т. Қазақ ойшыл-ақындары шығармаларында иман шарттарының көркем бейнеленуі (XIX-XX ғасыр басы). «Керуен» ғылыми журналы, 77(4), – Б. 137–151. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-11>
15. Айталы А. Жаңа діни ахуал: Мүмкіндіктер мен қатерлер // <https://egemen.kz/article/16126>
16. Laura N. Daurenbekova, Saule K. Imanberdiyeva, Karlygash M. Baitanassova, Ozat Akniyet, and Aslan E. Alimbayev. Transformation of Literary Translations of the Literary Classics by Abai Kunanbayev. //New Voices in Translation Studies Vol.29 №2 (2024), 68-78 p. DOI: <https://doi.org/10.14456/>

Е.Б. САУРЫКОВ, К.У. ТАМАБАЕВА*, Р.С. ЕЛУБАЕВА
Международный Таразский университет имени Шерхана Муртазы,
Тараз, Казахстан

ОБЩИЕ МОТИВЫ РЕЛИГИОЗНЫХ ВЫСКАЗЫВАНИЙ В ТВОРЧЕСТВЕ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИ И ШЕРХАНА МУРТАЗЫ

Аннотация. Ученость – это врожденное качество, данное человеку. Данное качество в сочетании с гражданскими принципами, глубокими исследованиями и настоящим мастерством превращает человека в личность. Шакарим и Шерхан относятся к категории таких учёных личностей. В статье рассматривается вопрос религии в личностном становлении и философских воззрениях Шакарима и Шерхана.

Наследие Шакарима является одним из источников непреходящей значимости нашего народа, передаваемым из поколения в поколение на протяжении веков. Творчество Шакарима не только как последователя мудрого Абая, но и как человека, достигшего высочайших высот мысли, является основой для многих исследований. Особенно известен труд ученого «Үш анық» («Три прозрения») – произведение, комплексно описывающее человеческую природу и философию жизни. Продолжая традицию вышеуказанных ученых, Шерхан Муртаза написал книгу «Бір кем дүние», которая также считается крупным литературным достижением последних лет. Целью статьи является анализ общих тем в религиозных высказываниях Шерхана Муртазы и Шакарима Кудайбердиұлы, выявление их особенностей передачи и научное обоснование. В соответствии с этой целью были выполнены следующие задачи: анализ религиозных и просветительских принципов двух мастеров слова; обобщение особенностей мировоззрения двух писателей, их общих гражданских мыслей относительно жизни и человеческой природы; раскрытие проблемы духовной преемственности в интеллектуальных, гуманистических и нравственных идеалах двух мыслителей и людей, любивших свой народ.

Современное общество характеризуется своей комплексностью. В условиях всемирной глобализации, осмысление прошлого и его духовное укрепление считаются одной из важнейших культурных задач. С этой точки зрения мир Шерхана, не жалевшего сил ради будущего общества и сохранения нашей независимости в целом, ставшего светочом истины и маяком истины, является школой воспитания для сегодняшнего поколения. Изучая Шерхана, человек любого поколения может познать себя, его любовь к своей стране и земле возрастет. С этой точки зрения включение наследия великого Шакарима в качестве отдельного объекта научного анализа в комплексное понимание Шерхана, является особенностью научной новизны статьи.

Ключевые слова: наука, религия, духовная преемственность, традиция.

E.B. SAURYKOV, K.U. TAMABAYEVA*, R. YELUBAYEVA
International Taraz University named after Sherkhan Murtaza,
Taraz, Kazakhstan

COMMON MOTIVES IN RELIGIOUS STATEMENTS IN THE WORKS OF SHAKARIM KUDAIBERDA AND SHERKHAN MURTAZA

Annotation. Humanism is an innate quality that is transmitted to humans. Later, this trait is combined with a civic attitude, deep search and sincere skill, and becomes a personality. Shakarim and Sherkhan are such smart personalities. This article will focus on the problem of religion in the formation of Shakarim and Sherkhan's personality and in the thoughts of wisdom. Shakarim's legacy is one of the origins of our people, which has been passed down from generation to generation for centuries without destroying its significance. Shakarim's work, not only as a disciple of the wise Abai, but also as a person who has reached high heights of contemplation, is the basis of many studies. In particular, it is known that Ulama's "three clear" works are a work that comprehensively illustrates

human nature and the philosophy of life. With such a tradition, Sherkhan Murtaza's book "Bir Kemal Alem" is also considered a great literary success in recent years. The purpose of the article is to analyze the common features of religious statements by Sherkhan Murtaza and Shakarim Kudaiberdievich, to identify the features of transmission, scientific reasoning. In accordance with this goal, the tasks of analyzing the religious and educational positions of the two verbal jewelers are realized; generalizing the ideological features of the writer's double, common civil thought concerning life and human nature; revealing the problem of spiritual continuity in the thinking, humanistic, moral ideals of the two thinkers, people who love their nation.

Society today is characterized by a complex nature. In the context of global globalization, spiritual recharge of the past is one of the main cultural tasks. From this point of view, for modern society, in order for our common independence to be narrative, the world of Sherkhan, which has become the luminary of truth, the allapan of truth, is a school of learning for the current generation. After getting to know Sherkhan, any generation can get to know themselves, and their love for their country and Land will increase. From this point of view, in Sherkhan's comprehensive recognition, the acceptance of the Great Shakarim Ulagat in the form of a one-man scientific analysis highlights the scientific novelty of the article. It is clearly analyzed from the great sources of Shakarim's work that Sherkhan also drew knowledge, science, religion, human qualities, as well as from other great channels of the writer.

Keywords: science, religion, spiritual continuity, traditions.

References

- Köpbaeva M. Şerhan Mұrtaza шығармашылығындағы көркемдік таным және авторлық концепсия: Filologia ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған diss. avtoreferaty. – Almaty, 2010. – 46 b.
1. Jaqsylyqbaeva R.S. Şerhan Mұrtaza: publisis, redaktor. – Almaty: Jazuşy, 2003. – 154 b.
 2. Mämeseit T. Şerhan Mұrtaza. – Astana: Elorda, 2002. – 280 b.
 3. Mұrtaza Ş. Auyldy, senı sağındym. 2-kıtap. – Almaty: Darden Media, 2002. – 304 b.
 4. Qasqabasov S. Abai және fөлklor. – Almaty: Bılım, 1995. – 64 b.
 5. Mұrtaza Ş. Aqyndar men äkımdır. – Astana: Elorda, 2002. – 808 b.
 6. Qūnanbaev A. Qalyñ elım qazağym. Öleñder. – Almaty: Atamūra, 2002. – 223 b.
 7. Şäkärım Qazaq ainasy. – Almaty: Atamūra, 2003. – 296 b.
 8. Qūdaiberdıuly Ş. Qūran syryn ũğa almaı būsza-dağy, Jasyrylmai jarqyrıp tür kārämät! // <https://islam.kz/kk/articles/sozsarasy>.
 9. Öseruly N. Müsylymandyq qağıdalary. – Almaty: Öner, 1994. – 125 b.
 10. Mұrtaza Ş. Bır kem dünıe. – Taraz: TİGU, 2019. – 288 b.
 11. Äbdığaziuly B. Şäkärım älemi. Monografıa. Almaty: Raritet, 2008. – 408 b.
 12. Tūrsynbaeva A.Ö., Maldybek A.J. Abai ruhani mūrasynyñ mäñgılığı // QazŪU Habarşysy. Filosofıa, mädenıetıtanu, saıasattanı serıasy. No3 (73). 2020. – B. 22-32. <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz>.
 13. Tajiev, H., Qydyr, T. Qazaq oışyl-aqyndary шығармаларында iman şartтарының көркем beınelenuı (HIH-HH ğasyr basy). «Keruen» ғылыми jurnalı, 77(4), – B. 137–151. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-11>.
 14. Aitaly A. Jaña dını ahual: Mümkındıktır men qaterler // <https://egemen.kz/article/16126>.
 15. Laura N. Daurenbekova, Saule K. Imanberdiyeva, Karlygash M. Baitanassova, Ozat Akniyet, and Aslan E. Alimbayev. Transformation of Literary Translations of the Literary Classics by Abai Kunanbayev. // New Voices in Translation Studies Vol.29 №2 (2024), 68-78 r. <https://doi.org/10.14456/>

Авторлар туралы мәлімет:

Саурықов Ерболат Байұзақұлы – филология ғылымдарының докторы, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессоры, Тараз, Қазақстан.

Саурыков Ерболат Байузакович – доктор филологических наук, профессор Таразского международного университета имени Ш. Муртазы, Тараз, Казахстан.

Saurykov Erbolat Bayuzakuly – doctor of Philological Sciences, Professor of the Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan.

Тамабаева Қаракөз Өмірзаққызы – филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан.

Тамабаева Каракоз Умирзаковна – кандидат филологических наук, доцент Таразского международного университета имени Ш. Муртазы, Тараз, Казахстан.

Tamabaeva Karakoz Umirzakovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan.

Елубаева Рахат Сайлаубекқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің доценті, Тараз, Қазақстан.

Елубаева Рахат Сайлаубековна – кандидат педагогических наук, доцент Таразского международного университета имени Ш. Муртазы, Тараз, Казахстан.

Elubaeva Rakhat Sailaubekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Taraz International University named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan.